

«Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы

2020 жылғы 12-14 ақпан аралығында «Қауіпсіз жол» атты республикалық акциясы өткізілген болатын. Бұл іс-шара барысында желілік полиция бөлімшелері белсенділік танытты.



2020 жылғы 12 ақпанда Қостанай станциясындағы ЖПБ Жаркөл ст. ЖПБ ППТ-ның полицейі полиция кіші сержанты А.Е. Илиев «Қауіпсіз жол» атты республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу кезеңінде «Қарағанды-Баранович» бағытындағы № 317/318 жолаушылар поезында теміржол бойында кездесу ұйымдастырды.

Кездесу барысында жолаушыларға темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелері, азаматтардың тыңшылығы мен қоғамдық тәртіпке ықпал ететін ұсақ құқық бұзушылықтармен байланысты ҚР ӘҚБтК-нің кейбір баптары түсіндірілді, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында туындайтын мәселелер бойынша құқықтық кеңес көрсетіліп, жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру нарядына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес берілді.



Жолаушыларға профилактикалық сипаттағы брошюралар үлестірілді.

Осы акцияның шеңберінде 13 ақпанда Құсмұрын станциясындағы Желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері №28 Құсмұрын орта мектебінде 0-11сынып оқушыларына «Темір жолдарынан өту барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау» тақырыбына арналған профилактикалық әңгіме өткізді.

Аталған әңгіме барысында Құсмұрын станциясындағы ЖПБ бастығы полиция капитаны Е.А. Елукенов оқушыларға адамдардың теміржол төсемінде болу ережелерін түсіндірді. Сондай-ақ, оларға теміржол жарақатының құрбаны болмауын, оның ішінде теміржол көлігі адамдарды қағып кету және 27 000 вольттен артық контакт желісінің электр тоғымен соғу барысы жөнінде айтып, өмірден алынған мысалдарын келтірілді.

Оқушылар белсенді қатысып, қызығушылық тудыратын сұрақтарын қойып отырды. Барлық сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Әңгімелесудің соңында аталған оқу орнынның ұйымдастырушылары қызметкерлерге өткізілген профилактикалық әңгімелеріне алғысын білдірді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

Өңір басшысына қойылатын сұрақ көп...

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов осы дүйсенбіде, 17 ақпанда тұрғындарға есеп берді. Кездесу барысында өңір басшысына көптеген сұрақтар қойылды.

Мәселен, студенттерді жатақханамен қамту жайы түйіні шешілмей тұрған мәселе санатында болған. Енді бұл олқылықтың орны толмақ.

«Студенттерді уақытша баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Ө. Сұлтангазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті жалпы құны 707,2 миллион теңгеге 336 орынға арналған жатақхана салып жатыр. Бұдан бөлек Қостанай қаласында 4 студент үйін салу жоспарланды. Атап айтқанда, Қостанай медициналық колледжі, жоғары политехникалық колледжі, автомобиль көлігі колледжі, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ базасында жатақхана бой көтереді», - деді өңір әкімі.

Архимед Мұхамбетов сапалы білім беруге қажетті жағдай жасау үшін жыл сайын облыс бюджетінен қомақты қаржы бөлінетінін айтты. Мәселен, былтыр білім саласының шығындарына 80,2 млрд теңге бағытталған.

«Қостанай қаласында 900 орынға арналған 2 мектеп ашылды. «Әуежай» шағын ауданындағы орта мектеп және мемлекеттік тілде оқытатын мектеп-гимназия өңірдегі үш ауысымды оқыту мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік берді. Облыста тағы екі мектептің құрылысы басталды. 21 білім беру объектісі күрделі жөндеуден өтті. 2020 жылы 15 білім нысанына 2,9 млрд теңгеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отыр», - деп толықтырды Архимед Мұхамбетов.

Сондай-ақ облыс әкімінің есеп беру жиынында Қостанай қаласының «Алтын Арман» шағын ауданының тұрғындары атынан мешіт құрылысын бастау туралы сұрақ қойылды. Сауал қоюшы ақсақалдың сөзінше, «Алтын Арман» шағын ауданының тұрғындарына орталықтағы мешітке келу қиындық туғызады.

«Бұл мәселе туралы нақтылап өтейін. Облыс орталығында үш мешіт жұмыс істеп тұр. 3000 адам қабылдайтын орталық мешіт пен Абай көшесіндегі қалалық мешіт бар. Оған қоса жақында «Ақмешіт»

пайдалануға беріледі. Сондықтан қалада тағы бір мешіт салу бізге тиімсіз. Себебі, оны күтіп-ұстау, коммуналдық төлемдер, имамдарға жалақы төлеу сияқты мәселелер бар. Ал аудан орталықтары мен ауылдарға мешіт қажеттілігі бар. Соның бірі – іргедегі Әулиеқұл ауылы. Ал егер демеуші тапсаңыздар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арқылы салуға болады», - деп түсіндірді облыс басшысы.

Архимед Мұхамбетов өңірде тарихи-мәдени мұраны сақтау, насихаттау және киелі объектілердің инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасып жатқанына тоқталды.

«2019 жылы 214 археологиялық ескерткіш қалыпқа келтірілді, қаржыландыру 4 миллион теңгеден асады. Жангелдин ауданында Қазыбай Әулие кесенесінде тағзым етуге арналған үй, қобызшы Тілеп Аспантайұлының жерленген жерінде кесене салынды. Б.Майлин ауданында Батыр Жабағы Ипанұлының жерленген жерінде қоршаулар мен қақпалар орнатылып, кірме жолы грейдермен тегістелді. Қостанайда «Ақ мешіт» киелі объектісінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде», - деді Архимед Мұхамбетов.

Сонымен қатар киелі нысандардың, оның ішінде жергілікті маңызы бар 9 жаңа киелі орынның тиісті инфрақұрылымын жүргізу жұмыстары 2020 жылы жалғасады.

Жітіқара аудандық мәслихатының депутаты Сайра Жаманқұлова өз қабылдауында көп көтерілген мәселені қозғады. «Еңбек» бағдарламасының жұмыс істеп жатқанына бірнеше жыл болды. Тұрғындарға Қаржылық қолдау қоры арқылы кәсібін дамытуға мүмкіндік беретіні белгілі. Ең шекті сомасы – 11 млн теңге. Маған жергілікті кәсіпкерлер «осы соманы 20 млн теңгеге дейін жеткізіп және жедел алуға бола ма?» деп сауал қояды. Бұл мүмкін бе?» - деді аудан депутаты.

«Екінші деңгейлі банктер өтініштерді айлап қарастырады. Сондықтан шағын қаржылық ұйымдарға жүгінген жөн. Олар әрі кеткенде 2 апта қарайды. Ал қаржыны ұлғайту мәселесіне келер болсақ, біз «Даму» қорымен бірлесіп, «Қос қолдау» бағдарламасын құрдық. Бұл қор азамат

алатын соманың 50%-ін ұсынады. Осындай мүмкіндіктерді пайдалануға болады», - деді өңір басшысы.

Ұзынкөл ауданының тұрғыны Галин Печорских Персногорьков орта мектебінің ахуалы туралы сұрақ қойды. 37 жыл бұрын салынған оқу ордасы бірде-бір рет күрделі жөндеу көрмеген. Оның үстіне, жылыту қазандығының мектептің ішінде орналасқандығы ұжымды алаңдатумен келеді. Жөндеу жоспарға алынып, екі рет жобалық құжаты әзірленгенімен, аяқсыз қалған.

Бұл жайт туралы облыс әкімі Білім басқармасының басшысы В.Цымбалюктың мәлімет беруін сұрады. Оның ақпаратынша, 230 бала оқитын мектептің жөндеу жұмыстарының жобалық құжатының құны шамамен 304 млн теңге. Ал жұмыс жүргізу үшін жалпы сомасы 450 млн теңге бөлінуі керек.

Өңір басшысы бұл мәселені келер жылдың жоспарына енгізетінін айтты. Ал Денисов ауданының Свердлов ауылы тұрғындарын ауызсу мәселесі толғандырады. 700 тұрғыны бар ауылды екі-ақ құдық асырап отыр. Өз кезегінде, басшылық бұл түйткілдік назарға алынғанын, биыл жобалық құжаты дайындалатынын айтты. Жобамен, 600-700 млн теңгеге осы ауыл орталықтандырылған ауызсумен қамтылатын болады.

Облыс әкімінің есеп беру кездесуіне Амангелді ауданынан келген көпбалалы ана Бану Мұқатовта өзін толғандырып жүрген сұрағын алға тартты.

Ол 2019 жылдан бері тұрғын үй кезегінде тұр. Мәметова көшесіндегі 18 пәтерлі тұрғын үйді жөндеуге қаржы бөлуді сұрайды. Бұл сұраққа аудан әкімі Әмірхан Асанов жауап берді. Тұрғын үйді толық пайдалануға беру үшін 152 млн теңге қажет. Жалпы, ауданда 5 категория бойынша 139 адам үй кезегінде тұр.

- Сіздің мәселеніз маған таныс. Бұл бойынша үш жылдық бағдарлама құрдық. «Нұрлы жер» арқылы осы Мәметова көшесіндегі тұрғын үйді жөндеп, пайдалануға береміз. Бұған екі жыл уақыт кетеді. Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы мен аудан әкімдігіне тапсырамын, - деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Иә, облыс әкіміне қойылатын сұрақ көп...

Иван Дычко болашақ тәртіп сақшыларымен кездесті

2020 жылдың 13 ақпанында Олимпиада мен әлем чемпионатының жүлдегері, Азия және Азия ойындарының чемпионы, қазіргі уақытта кәсіпқой бокста бақ сынап жүрген Иван Дычко Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының құрметті қонағы болды.



Академия бастығы полиция полковнигі Н.Биекенов мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (ІІ дәрежелі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері Шырақбек Қабылбаевтың өмірі мен ішкі істер органдары саласындағы мемлекет және кадр саясатын жетілдіруге қосқан үлестеріне, 2019 жылдан бастап жаңа форматтағы полиция қызметкерлері даярланып жатқандығы туралы айтып өтті. Сонымен қатар оқу ордамыздың тарихынан сыр шертетін мұражайға саяхат жасалды. И.Дычко құрметті қонақтарға арналған кітапқа қолтаңбасын қалдырып, мұражайдың құнды құжаттар мен кубоктерге толы бай қазынасына таңданыс білдірді. Әсіресе спортта иеленген бірнеше кубоктер мен суреттерге, жүлделі орын иеленген грамоталарға сүйсіне қарады.

И.Дычко: «Спорт – денсаулық көпірі. Қарап тұрсам, оқу ордаңызда жеке құрам мен курсанттарыңыз бірталай

республикалық, облыстық деңгейлерде жүлделі орындар иеленіп жүргендігі мына фотосуреттерден көрініп тұр. Бұл мен үшін, мақтаныш, өйткені менің өмірімде спорт ерекше орын алады» - деді.

Қазақ және қонақжай деген екі сөз егіз ұғыман көрінеді. Осы төңіректе Академия басшылығы жерлесіміз, боксшы, құрметті қонағымыз Иван Дычкоға академия атынан естелікке сыйлық-ескерткіш табыс етті.

Академияда білім алып жатқан курсанттар көптен күткен аталмыш іс-шараға дайындалып, бір адамдай Академия спортзалыда жиналды. И.Дычко спортзалға спорттық киімін киіп курсанттарымызға және алғашқы кәсіптік даярлық тыңдаушыларына шеберлік сабақтарын көрсетті. Біздің курсанттар да спорттық киімдерін киіп, әлем чемпионының айтқан жаттығуларын мүдіртпей орындап, жүректерінде қуаныш лүпілдеп, көздерінен спортқа

деген қызығушылықтың одан әрі молая түскендігін көрдік. Осындай жаттығу жұмыстарынан кейін курсанттарымыздың көңіл-күйлері көтеріліп, өздерін бақытты сезініп, Иван Дычко сияқты танымал чемпион болуды армандады.

Сонымен қатар жаттығу арасында И.Дычко: «Спортшының құралы -оның қолы. Адам ең алдымен ерінбей-талмай еңбек етуі керек, сонда ғана арманы орындалып, жетістікке қол жеткізе алады. Спортта нағыз мықтылар ғана жеңіске жетеді» - деді.

Аталған іс-шара дене шынықтыру даярлығы кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен өткізілді. Осы жерде айта кетейін, біздің курсанттар жыл сайын республикалық, облыстық деңгейлерде өткізілген шараларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, оқу ордамызды биік белестерден көрсетіп жүр. Бұл кафедра оқытушыларының талмай, адал еңбек етуінің арқасы.

Іс-шара соңында қатысушылар Иван Дычкомен естелікке суретке түсті.

О.УАҚПАЕВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
Баспасөз қызметі
Суреттерді түсірген:
С.КАМАЛОВ

